

М.Қ. Муталиев¹, Ч. Кая², Б.Н. Темирханов^{3*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, Тарих және құқық факультетінің оқытушысы, PhD,
e-mail: meirbols9293@gmail.com

²Кастамону университеті, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Тарих кафедрасы, доцент, доктор (PhD), Кастамону, Түркия
e-mail: ccetinkayaa.58@gmail.com

^{3*}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Теология кафедрасының аға оқытушысы, PhD,
e-mail: batyrzhantemir khanov@gmail.com

ТҮРКИЯДА ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Шағатай Хандығы XIII ғасырдың ортасынан XVII ғасырдың соңына дейін Орта Азияда өмір сүрген маңызды моңғол мемлекеттерінің бірі болып табылады. Ол бастапқыда Ұлы қағандыққа бағынышты болса, кейін дербес саяси күшке айналды. Хандықта Ислам дінінің таралуы, әкімшілік-экономикалық реформалар және ішкі саяси күрестер оның дамуына тікелей әсер етті. Уақыт өте келе хандық Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп, XVI–XVII ғасырларда тарихи сахнадан біртіндеп жоғалды.

Бұл мақалада Түркия мен әлемде жүргізілген Чағатай Хандығы зерттеулерінің тарихи дамуы әдебиеттерге шолу жасау әдісі арқылы талданды. XIX ғасырдан бастап жарық көрген монографиялар, энциклопедиялық мақалалар, ғылыми мақалалар және аударма еңбектер зерттелді. Әсіресе *D’Ohsson*, *Barthold*, *Grousset*, *Riza Nur*, *Zeki Velidi Togan* және *Mustafa Kafalı* еңбектерінің бұл саладағы орны ерекше екені анықталды. Зерттеу нәтижесінде 2000 жылдан кейін, әсіресе 2010 жылдан бастап Чағатай Хандығы туралы зерттеулердің саны мен сапасы айтарлықтай артқаны анықталды. Жаңа зерттеулер хандықтың тек саяси тарихын ғана емес, оның әлеуметтік, экономикалық және мәдени құрылымын да жан-жақты қарастыра бастады. Чағатай Хандығы зерттеулері уақыт өте келе дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, Орта Азия тарихын түсінуде маңызды орынға ие болды.

Кілт сөздер: Шағатай Ұлысы, Алтын Орда, Түркия

М.К. Mutaliyev¹, С. Kaya², B.N. Temirkhanov^{3*}

¹Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Republic of Kazakhstan, Senior Lecturer of the Faculty of History and Law, PhD
e-mail: meirbols9293@gmail.com

²*Kastamonu University, Faculty of Humanities and Social Sciences, Department of History,
Associate Professor, Ph.D. Kastamonu, Türkiye
e-mail: ccetinkayaa.58@gmail.com*

³*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,
Senior Lecturer Department of Theology, PhD
<https://orcid.org/0000-0001-7419-0335>
E-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com
Corresponding author

THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF STUDIES ON THE CHAGATAI KHANATE IN TURKEY

Abstract

The Chagatai Khanate was one of the significant Mongol states that existed in Central Asia from the mid-thirteenth century to the end of the seventeenth century. Initially subordinate to the Great Khanate, it later emerged as an independent political power. The spread of Islam within the khanate, administrative and economic reforms, and internal political struggles directly influenced its development. Over time, the khanate split into Western and Eastern parts and gradually disappeared from the historical scene during the sixteenth and seventeenth centuries.

This article analyzes the historical development of Chagatai Khanate studies conducted in Turkey and worldwide through a systematic literature review. Monographs, encyclopedia entries, scholarly articles, and translated works published since the nineteenth century were examined. In particular, the works of D'Ohsson, Barthold, Grousset, Rıza Nur, Zeki Velidi Togan, and Mustafa Kafalı were identified as having a significant place in this field. The study reveals that since 2000, and especially after 2010, the number and quality of studies on the Chagatai Khanate have increased considerably. Recent research has expanded beyond political history to include social, economic, and cultural aspects of the khanate. As a result, Chagatai Khanate studies have evolved into an independent field of research and gained an important place in understanding the history of Central Asia.

Keywords: Chagatai Ulus, Golden Horde, Türkiye

М.К. Муталиев¹, Ч. Кая², Б.Н. Темирханов^{3}*

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан, преподаватель факультета истории и права, PhD
e-mail: meirbols9293@gmail.com*

²*Кастамонуский университет, факультет гуманитарных и социальных наук,*

кафедра истории, доцент, доктор (PhD)
Кастамону, Турция,
e-mail: ccetinkayaa.58@gmail.com

^{3*}Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, PhD, старший преподаватель
<https://orcid.org/0000-0001-7419-0335>
e-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com
*Корреспондент автор

ВОЗНИКНОВЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАНИЙ ЧАГАТАЙСКОГО ХАНСТВА В ТУРЦИИ

Аннотация

Чагатайское ханство было одним из важных монгольских государств, существовавших в Центральной Азии с середины XIII до конца XVII века. Первоначально оно находилось в зависимости от Великого каганата, однако со временем превратилось в самостоятельную политическую силу. Распространение ислама в ханстве, административно-экономические реформы и внутренние политические противоречия оказали непосредственное влияние на его развитие. Со временем ханство разделилось на Западную и Восточную части и постепенно исчезло с исторической сцены в XVI–XVII веках.

В данной статье проанализировано историческое развитие исследований Чагатайского ханства в Турции и мире на основе метода обзора литературы. Были изучены монографии, энциклопедические статьи, научные публикации и переводные труды, изданные с XIX века. Особо отмечена значимость работ *D'Ohsson*, *Barthold*, *Grousset*, *Riza Nur*, *Zeki Velidi Togan* и *Mustafa Kafalı* в формировании данного направления. В результате исследования установлено, что после 2000 года, особенно с 2010-х годов, количество и качество исследований, посвящённых Чагатайскому ханству, значительно возросло. Современные исследования рассматривают не только политическую историю ханства, но и его социальную, экономическую и культурную структуру. В итоге исследования Чагатайского ханства сформировались как самостоятельное научное направление и заняли важное место в изучении истории Центральной Азии.

Ключевые слова: Чагатайское Улус, Золотая Орда, Турция

Кіріспе. Шағатай ұлысы – XIII ғасырдың ортасынан XVII ғасырдың соңына дейін Орта Азия аумағында өмір сүрген моңғол мемлекеті. Бұл мемлекет өз атауын Шыңғыс ханның ұлы Шағатайдың (1218–1242) есімінен алған. Шағатайдың қайтыс болғанынан кейін ұлыс біраз уақыт Қарақорымдағы Ұлы қағанатқа бағынышты болып қалды. Тек оның немересі Алғу (Алғуй) ханның (1261–1264) билігі тұсында Шағатай ұлысы дербес саяси күшке айналды. Одан кейін таққа отырған Мүбәрәк шах (1264–1265) – ислам дінін қабылдаған алғашқы Шағатай билеушісі болды. 1265 жылы билікке келген Барақ хан қағандық билік үшін болған күрестерден кейін әлсіреген ұлыстың ішкі тәртібін қалпына келтіруге талпынғанымен, ол әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Осы кезеңде Шағатай ұлысы Үгедей әулетінен шыққан Хайду ханның (1269–1303) үстемдігіне өтті.

Хайду қайтыс болғаннан кейін Шағатай ұлысының ханы Дува (Тува) (1277–1307) мемлекет билігін Үгедей әулетінің ықпалынан толықтай азат ете алды. Кебек ханның (1318–1326) билігі кезінде елдің астанасы Алмалық қаласынан Мәуераннахрға көшіріліп, экономикалық және әкімшілік реформалар жүргізілді. Ал оның мұрагері Тармаширин ханның (1326–1334) дәуірінде ислам діні ұлыс аумағында кеңінен тарала бастады. Алайда бұл жағдай көшпелі тайпалар арасында наразылық туғызып, соның салдарынан Тармаширин хан тақтан тайдырылып, кейін өлтірілді.

Тармаширин ханның өлімінен кейін ұзаққа созылған ішкі саяси тұрақсыздықтың нәтижесінде Шағатай ұлысы екі бөлікке бөлінді. Мәуераннахр аймағында түркі және мұсылман халқы басым болған өңір – ұлыстың батыс бөлігін, ал Жетісу мен Іле аңғарында мекендеген көшпелі моңғол тайпалары қоныстанған аймақ – шығыс бөлігін құрады. Батыс Шағатай ұлысында түркімен бектері мен әмірлерінің ықпалы күшейгенімен, бұл билік тармағы XIV ғасырдың 1370 жылдары Әмір Темірдің саяси күшеюімен бірге өз дербестігінен айырылды. Ал Шығыс Шағатай ұлысы Алмалық, Қашқар (Қашғария) және Ақсу орталықтарында өз өмірін жалғастырғанымен, XVI ғасырда Шайбани әулетінің, ал XVII ғасырдың соңына қарай аймақтың діни көшбасшыларының билікті иеленуі нәтижесінде тарихи аренада мүлде жойылды.

Түрік тарихнамасында Шағатай ұлысын зерттеу. Түркияда моңғол тарихына арналған зерттеулер аясында жүргізілген библиографиялық еңбектердің маңызды үлгілері Осман Гази Өзгүденли [1. бб. 169-248], Ганбат Лхүндэв [2. бб.249-266], Күршат Йылдырым [3. бб. 529-534] және Алтай Тайфун Өзжан [4. бб. 597-666] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Алайда бұл зерттеу өз аясын тек Шағатай ұлысымен шектейді және осы мемлекетке қатысты ғылыми еңбектерді негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Осылайша, зерттеуіміз неғұрлым нақты бағытқа ие болып, Шағатай ұлысын зерттеудің тарихнамалық дамуын жүйелі түрде айқындауды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеуде Түркия мен әлемде Шағатай хандығы бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің тарихи даму үдерісі жүйелі әдебиетке шолу жасау әдісі арқылы талданды. Зерттеудің негізгі материалдық базасын XIX ғасырдан бүгінгі күнге дейін жарияланған монографиялар, энциклопедиялық мақалалар, рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар, кітап тараулары және аударма еңбектер құрайды. Әсіресе ерте кезең зерттеушілері Д’Охссон, Бартольд және Груссе еңбектері мен Республика кезеңінен кейінгі түрік тарихнамасында жарық көрген зерттеулер салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды. Сонымен қатар Мұстафа Кафалымен бастау алған Шағатай хандығына арналған дербес зерттеулер және 2000 жылдан кейін жарияланған академиялық еңбектер талдау нысанына енгізілді. Зерттеуде сапалық (нәтижелік) зерттеу әдісі қолданылып, библиографиялық шолу, мазмұндық талдау және салыстырмалы-тарихи талдау тәсілдері пайдаланылды. Алдымен тақырыпқа қатысты еңбектер хронологиялық тұрғыдан жүйеленді; кейін олардың қарастырған негізгі мәселелері (саяси тарих, әкімшілік құрылым, әскери ұйым, діни үдерістер, әлеуметтік және экономикалық құрылым, әулеттік күрестер және т.б.) айқындалды. Осылайша әдебиеттің қай кезеңдерде қарқынды дамығаны, қандай мәселелерге басымдық берілгені және қай бағыттарда зерттеу оқшылықтарының бар екені анықталды. Сондай-ақ 2010 жылдан кейін жарияланған мақалалар мен монографиялар жеке қарастырылып, осы кезеңде зерттеу тақырыптарының кеңеюі мен әдіснамалық ұстанымдардың өзгеруі сарапталды. Алынған деректер Шағатай хандығы зерттеулерінің жалпы моңғол тарихы әдебиетіндегі орнын айқындау және оның дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасу үдерісін түсіндіру мақсатында талданды. Осы әдіснамалық негізде жүргізілген жұмыс тарихнамалық тұрғыдан талдау ұсынумен қатар, болашақтағы зерттеулер үшін теориялық-әдіснамалық база қалыптастыруды көздейді.

Нәтиже мен талқылаулар. Түркия мен әлемде моңғол тарихына арналған зерттеулер бастапқы кезеңде моңғолдарды түрік тарихының бір бөлігі ретінде қарастыру ұстанымына негізделі отырып қалыптасты [3. бб. 529-534]. Осы көзқарас аясында Абрахам Константин Мураджа Д’Оссон 1834 жылы жазған “*Histoire des Mongols depuis Tchinguï-Khan jusqu’à Timour Bey ou Tamerlan*” атты еңбегі моңғол тарихын, соның ішінде Шағатай ұлысының алғашқы кезеңдерін сипаттайтын маңызды дереккөз болып табылады. Бұл еңбек 1920-жылдардың басында Мұстафа Рахми тарапынан француз тілінен түрік тіліне аударылған. Кейіннен еңбектің латын қарпіне көшіру жұмысын Экрем Қалан [5. 2014] мен Мұрат Уғраш [6. 2023] жүзеге асырған.

Түрік зерттеушілері тарапынан жарық көрген және Шағатай ұлысына қатысты мәліметтер қамтылған алғашқы заманауи еңбектің Түркия Республикасының жариялану кезеңімен

шамалас уақытта жазылғаны байқалады. Бұл тұрғыда Рыза Нұрдың 1924 жылы жазған “*Türk Tarihi*” атты еңбегі – Түркиядағы Шағатай ұлысын зерттеуге арналған алғашқы заманауи ғылыми еңбек ретінде қарастырылады [7. 1994]. Осы еңбектен кейін Түркия Республикасы Білім министрлігінің шешімімен “*The Encyclopaedia of Islam*” атты энциклопедиялық еңбектің кеңейтілген нұсқасы 1940 жылы түрік тіліне аударылған. Аталған энциклопедияның үшінші томында Василий Владимирович Бартольд жазған “*Çağatay*” атты мақала – Түркияда Шағатай ұлысына қатысты академиялық зерттеулердің дамуына жол ашқан маңызды еңбек ретінде бағаланады. [8 . бб. 266-270]. 1946 жылға келгенде Зәки Велиди Тоғанның “*Umumî Türk Tarihine Giriş*” атты еңбегінде Шағатай ұлысына байланысты кең көлемді тарихи мәліметтер беріліп, бұл тақырып түркі тарихнамасында ғылыми негізде қарастырыла бастады [9. бб. 1981].

1980 жылға қарай Рене Груссенің 1939 жылы жазған “*L’Empire des Steppes*” атты еңбегі М. Ришат Үзменнің аудармасымен түрік тіліне енгізілді [10. 2006]. Бұл еңбек біздің заманымызға дейінгі дәуірлерден бастап XVIII ғасырға дейінгі кең тарихи кезеңді қамтып, Түркістан өңірінің даму барысына тұтас көзқарас ұсынады. Груссенің әсіресе Шыңғыс ханның мұрагерлеріне қатысты тарауларды жан-жақты талдауы бұл еңбекті Шағатай ұлысының тарихын зерттеудегі негізгі дереккөздердің бірі деңгейіне көтерді.

Осы кезеңнен кейін, Василий Владимирович Бартольдтың 1900 жылы жазылған “*Turkestan v epokhu mongol’skogo nashezhdia*” атты еңбегі 1981 жылы Хаккы Дурсун Йылдыздың аудармасымен “*Moğol İstilasına Kadar Türkistan*” деген атпен түрік тіліне аударылды. Түркістан тарихына қатысты кең көлемді мәліметтер қамтылған бұл еңбек Шағатай ұлысы жөнінде де аса құнды деректер береді және аталмыш тақырып бойынша ғылыми әдебиетте маңызды орын алады [11. 1981].

Түркияда түрік зерттеушісі тарапынан Шағатай ұлысына арналған алғашқы дербес ғылыми еңбек 1986 жылы жарық көрген Надир Девлеттің “*Doğuştan Günümüze Büyük İslâm Tarihi*” атты еңбегінің IX томындағы “*Çağatay Devleti*” атты тарау болып табылады [12. бб. 301-310]. Бұл еңбек Шағатай ұлысының саяси және мәдени тарихын жүйелі түрде қарастырған алғашқы академиялық зерттеу ретінде ерекшеленеді.

Аталған еңбектен кейін 1991 жылы Мехмет Алпарғуның “*Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi*” журналында жарияланған “*Çağatay Hanlığı*” атты мақаласы жарық көрді. Одан соң, 1992 жылы Мұстафа Кафалы Түркия Диянет Қоры Ислам Энциклопедиясы үшін Шағатай билеушілерінің бірі — Барақ хан туралы жеке мақала жазды [13. бб. 63-64]. Ал 1993 жылы сол энциклопедияның келесі томында Абдулқадыр Ювалы “*Çağatay Hanlığı*” [14. бб. 177-178] және “*Çağatay Han*” [15. бб. 176-177] атты мақалаларды даярлап, Шағатай ұлысына қатысты түрік тарихнамасындағы зерттеулерді жаңа деңгейге көтерді.

2000-шы жылдары Шағатай ұлысына қатысты мәліметтер қамтылған алғашқы зерттеу Неслихан Дурак тарапынан жазылған. Аталған еңбекте Үндістанға солтүстіктен жасалған жорықтар қарастырылып, ұлыстың оңтүстік бағытындағы саясатына қатысты маңызды тұжырымдар берілген [16. 2000]. Бұл кезеңде сонымен қатар Жан-Поль Ру 1993 жылы француз тілінде жариялаған “*Histoire de l’Empire Mongol*” атты еңбегі 2001 жылы Айкут Казанджил мен Айше Берекет тарапынан түрік тіліне “*Moğol İmparatorluğu Tarihi*” деген атпен аударылып, сала әдебиетіне елеулі үлес қосты [17. 2001]. 2002 жылы жарық көрген “*Türkler*” атты көптомдық еңбектің VIII томында орналасқан “*Çağatay Hanlığı*” [18. бб. 345-354] және “*Çağatay Devleti*” [19. бб. 355-358] атты бөлімдер де Түркиядағы осы тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиетті кеңейткен маңызды еңбектердің қатарында саналады. Соңында, 2005 жылы Мұстафа Кафалының жарық көрген “*Çağatay Hanlığı (1227–1345)*” атты еңбегі — бұл тақырып бойынша Түркияда жазылған алғашқы дербес монографиялық еңбек болып табылады [20. 2005].

2010-шы жылдардың соңына қарай Түркияда Шағатай ұлысын зерттеумен айналысатын ғалымдардың саны айтарлықтай артты, бұл өз кезегінде тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектердің көбеюіне негіз қалады. Осы кезеңде Омер Субашы 2016 жылы Шағатай ханзадаларының бірі – Ясавурдың Хорасандағы саяси қызметін талдаған ғылыми мақала жариялады [21. бб. 278-303]. Сол жылы Хайрунниса Аланның “*Avrasya’nın Sekiz Asrı: Çengizogulları*” атты еңбегіндегі

“*Çağatay Hanlığı*” атты тарауы ұлыстың саяси, әкімшілік және мәдени құрылымына жан-жақты талдау жасады [22. бб. 68-97]. 2017 жылы Айкут Өзбайрактар Шағатай ұлысы дәуірінде болған Тараби көтерілісін тақырып еткен мақаласымен әдебиетке өз үлесін қосты [23. бб. 211-227]. Ал 2018 жылы Бетүл Сүмейра Тахталы мен Кемал Өзжан Шағатай ұлысы аумағында қызмет атқарған мұсылман және түркі текті билеушілерге арналған еңбектерін жариялап, бұл тақырыпқа тың көзқарас енгізді [24. бб. 178-189].

2019 жылы Шағатай ұлысына қатысты жүргізілген зерттеулердің саны айтарлықтай артты және бұл кезеңде жарияланған еңбектер өз маңыздылығымен ерекшеленді. Осы жылы Самет Дурмаз Шағатай ханы Барақ пен Ильхан (Елхан) билеушісі Абақа арасындағы соғысты талдаған ғылыми мақала жариялады [25. бб. 209-210]. Сол кезеңде Орхан Чынар Шағатай тағына біраз уақыт регенттік (уәкілдік) еткен Эргэнэ хатун [26. бб. 3924-3927] туралы зерттеуін жарыққа шығарып, сонымен қатар Арық Бұға мен Құбылай арасындағы қағандық билік тартысының Шағатай ұлысына әсерін қарастырған басқа бір еңбегін ұсынды [27. бб. 3791-3795]. Курбан Дурмушоғлу болса Абақа хан дәуіріндегі Ильхандықтардың (Елхан) сыртқы саясатын талдай отырып, өз еңбегінде Ильхан (Елхан) –Шағатай қарым-қатынастарына да арнайы тоқталды [28. бб. 221-244]. Бұл жылмен қатарлас кезеңде Омер Субашы тегі мен әулеттік қатыстылығы жөнінде пікірталас туғызған Қарауналар (Negüderi (Nikudāri) туралы мақаласын жариялады [29. бб. 853-886]. Сол жылы Юнус Емре Тансу мен Баран Гүвенч бірігіп жазған еңбектерінде Шағатай ұлысының маңызды билеушілерінің бірі Тармаширин ханның саяси қызметін талдап, тақырыпты жаңа қырынан қарастырды [30. бб. 6169-6173].

2020-шы жылдар Түркияда Шағатай ұлысына қатысты зерттеулердің әрі сапалық, әрі сандық тұрғыдан айтарлықтай дамыған кезеңі ретінде сипатталады. Бұл дәуірдің басында Сениха Сами Моралы В.В. Бартольдтың моңғол шапқыншылығына арналған еңбегін қайтадан түрік тіліне аударып, жаңа басылым ретінде жарыққа шығарды [31. 2020]. Сол жылдары Четин Кая Шыңғыс хан тарапынан Шағатай ханның қызметіне берілген Шағатай ноянның өмірі мен қызметіне арналған ғылыми мақала жазды [32. бб. 374-379]. Ал Орхан Чынар Шыңғыс Шағатай ұлысының билеушілерінің бірі Тоғылық Темір [33. бб. 201-208] мен Тармаширин ханға [34. бб. 902-906] арналған екі жеке еңбегін жариялап, Шағатай тарихнамасына елеулі үлес қосты.

2021 жылы Түркияда Шағатай ұлысына қатысты зерттеулер жаңа серпін алды [35. бб. 37-54] және түрлі бағыттағы еңбектермен байыды. Сол жылы Четин Кая екі маңызды [36. бб. 23-34] мақала жариялады: олардың бірінде Шыңғыс ханның мұрагерін таңдау үдерісінде Шағатайдың атқарған шешуші рөліне назар аударылса, екіншісінде Ұлы Моңғол империясы тағына Толуй (Төле) ұлдарының келуімен байланысты төңкерістің Шағатай ұлысы мен өзге хандықтарға тигізген ықпалы талданды. Омер Субашы сол жылы моңғол қоғамындағы әйел бейнесін зерттеген еңбегін жарыққа шығарып, онда Шағатай ұлысындағы әйелдің қоғамдық және саяси рөліне де тоқталды [37. 2021]. Курбан Дурмушоғлу 1256–1353 жылдар аралығындағы Хорасандағы Шағатай мен Ильхан (Елхан) ұлыстары арасындағы саяси бәсекені қарастырған мақаласын жариялады [38. бб. 81-94]. Иса Ерйылмаз өз кезегінде Шағатай ұлысында ислам дінінің таралу процесіне арналған зерттеуін ұсынды [39. бб. 71-84]. Билен Йылмаз Жамал Каршидің “*al-Mulhaqāt bi’s-Şurah*” атты еңбегінің моңғол әулеттеріне қатысты бөлігін орыс тілінен түрік тіліне аударып, деректану саласына маңызды үлес қосты [40. бб. 293-296]. Сонымен қатар, Тимоти Мэйдің Шағатай ұлысы жөнінде құнды мәліметтер беретін “*Moğol İmparatorluğu*” атты еңбегі Үлке Еврим Уйсалдың аударуымен түрік оқырмандарына ұсынылды [41. 2021].

2022 жылы Шағатай ұлысына қатысты ғылыми зерттеулер Түркияда жаңа мазмұндық бағыттармен толықты. Осы жылы Орхан Чынар [42. бб. 1259-1263], Омер Гёк және Ызгүр Түркер [43. бб. 112-128], Шағатай ұлысының соңғы кезеңдеріндегі ішкі қақтығыстар мен көтерілістерді талдаған мақалаларын жариялады. Сонымен қатар Орхан Чынар әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттутаның сапарнамасында Шағатай ұлысы туралы келтірілген деректерді жүйелеп, арнайы ғылыми мақала ретінде ұсынды [44. бб. 166-173]. Сол жылы Раккуш Қарадуман Шыңғыс ханның ұлдары Үгедей мен Шағатайдың жұбайларына арналған еңбегін жарыққа шығарды [45. бб. 565-576]. Билен Йылмаз моңғол дәуіріндегі Алмалық қаласының тарихи рөліне арналған кітап бөлімін жариялады [46. бб. 1231-1238]. Ахмет Селчукоғлу болса

Тараби көтерілісін тақырып еткен мақаласымен Шағатай дәуіріндегі әлеуметтік толқуларды зерттеуге үлес қосты [47. бб. 227-243]. Сондай-ақ, сол жылы Кембридж университеті тарапынан жарық көрген Орталық Азия тарихына арналған еңбектің түрік тіліне аударылуы нәтижесінде, оның құрамындағы Майкл Брайанның Үгедей мен Шағатай әулеттеріне қатысты тарауы да түрік тілінде оқырманға жол тартты [48. бб. 100-132].

2023 жылы Шағатай ұлысына қатысты зерттеулер Түркияда жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол жылы Четин Кая Шағатай ұлысы мен Ұлы қағанат арасындағы саяси қатынастарды жан-жақты талдаған еңбегін жариялап, Мұстафа Кафалының еңбегінен кейін Шағатай әулетіне арналған екінші дербес монографиялық кітаптың авторы атанды [49. 2023]. Нуреддин Избасар XV–XVI ғасырлардағы Шығыс Шағатай ұлысының мұрагерлік құрылымдары мен Ойраттар арасындағы қатынастарды зерттеген мақаласын жарыққа шығарды [50. бб. 19-40]. Ал Қазым Узун Мәмлүк мемлекетінің Ильхандықтармен (Елхан) соғыс жүргізген кезеңінде Шағатай ұлысымен одақ құруға бағытталған дипломатиялық бастамаларын қарастырған ғылыми зерттеуін жариялап, Шағатай дипломатиясын аймақтық халықаралық қатынастар контекстінде талдады [51. бб. 41-57].

2024 жылы Шағатай ұлысына қатысты зерттеулер экономикалық және нумизматикалық бағыттарда тереңдей түсті. Сол жылы Мұстафа Калкан Ұлы Моңғол қағанаты мен Шағатай ұлысы кезеңінде соғылған монеталардың ерекшеліктерін талдаған мақаласын жариялады [52. бб. 67-95]. Фатих Орта болса Шағатай ұлысының экономикалық жүйесі мен салық саясатына арналған зерттеуін ұсынып, ұлыстың қаржылық құрылымын ғылыми тұрғыдан зерделеді [53. бб. 1-10]. Ал Шүкрү Özдемир Шағатай ханның өмірі мен билігіне арналған биографиялық сипаттағы мақаласын жарыққа шығарды [54. бб. 431-450].

2025 жылға келсек, Орхан Чынар Мұстафа Кафалы мен Четин Каядан кейін Шағатай ұлысына арналған үшінші дербес монографиялық еңбектің авторы атанды [55. 2025]. Сол жылы Фатих Органың екі мақаласы да назарға ілікті: олардың бірі Шағатай билеушілерінің бірі — Кебек ханның өмірбаянына [56. бб. 574-585], ал екіншісі ұлыстың әлеуметтік және мәдени өміріне арналған зерттеу ретінде бағаланды [57. бб. 56-80].

Қорытынды. Түркия мен әлемде Шағатай ұлысына (Шағатай хандығына) қатысты жүргізілген зерттеулердің тарихи даму үдерісі талданғанда, соңғы жылдары бұл саланың сандық және сапалық тұрғыдан едәуір ілгерілеу көрсеткені байқалады. Алғашқы кезеңдегі еңбектер Моңғол тарихын Түрік тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын жалпы тұжырым-дамалық шеңберде қалыптасты. Осы тұрғыда D’Ohsson, Barthold және Grousset сынды зерттеушілердің еңбектері түрік тіліне аударылып, ғылыми әдебиеттің негізін қалады. Республика кезеңінің алғашқы жылдарынан бастап Рыза Нұр мен Зәки Уәлиди Тоған секілді ғалымдардың еңбектері арқылы бастау алған академиялық қызығушылық, әсіресе 1980-жылдардан кейін жүйелі сипатқа ие болды. Мұстафа Кафалының «Çağatay Hanlığı (1227–1345)» атты еңбегі Түркияда осы бағытта жарық көрген алғашқы дербес ғылыми зерттеу ретінде бетбұрыс кезеңді білдіреді. Одан кейін жарияланған мақалалар мен кітап бөлімдері хандықтың саяси, әкімшілік, әскери және мәдени құрылымдарын әр қырынан қарастырды. 2010-жылдардың соңынан бастап Шағатай ұлысы бойынша зерттеу жүргізетін ғалымдар санының айтарлықтай артуы жарияланымдардың сан алуандығы мен тақырыптардың тереңдей түсуіне жол ашты. Ясавур көтерілісі, Тармаширин хан дәуірі, Илхан мемлекеті мен Шағатай ұлысы арасындағы қатынастар, әйелдердің саяси рөлі, әулеттік тартыстар, салық жүйесі мен нумизматикалық типология сияқты арнайы мәселелерге арналған зерттеулер хандықты тек саяси тарих аясында ғана емес, әлеуметтік, мәдени және экономикалық тұрғыдан да қарастыру үрдісінің қалыптас-қанын көрсетеді. 2020-жылдары жарық көрген дербес монографиялар мен сапалы ғылыми мақалалар Шағатай ұлысы зерттеулерінің дербес ғылыми бағыт ретінде орныққанын айқын-дайды. Әсіресе Ұлы Моңғол қағанатымен саяси байланыстар, Батыс және Шығыс Шағатай тармақтарының жіктелу үдерісі, Мәуереннахрдағы билік үшін күрестер және исламдану мәселелері аналитикалық әрі салыстырмалы әдіс тұрғысынан зерделене бастады. Сонымен қатар, ғылыми әдебиетте әлі де болса шешімін күтетін мәселелер бар екендігі аңғарылады. Әсіресе мұрағаттық құжаттар, эпиграфикалық деректер мен археологиялық материалдарға негізделген пәнаралық зерттеулерді кеңейту қажеттілігі айқын көрінеді.

Қорытындылай келе, Түрік тарихнамасында Шағатай ұлысына қатысты зерттеулер бастапқыда жалпы Моңғол тарихы аясында қалыптасып, уақыт өте келе дербес әрі терең ғылыми бағытқа айналды. Қазіргі таңда жинақталған ғылыми қор хандықтың саяси және әскери тарихымен шектелмей, оның әлеуметтік құрылымы, мәдени өмірі, экономикалық жүйесі және діни трансформация үдерістерін де қамтиды. Бұл үрдіс Шағатай ұлысының Орталық Азия тарихындағы орнын неғұрлым объективті әрі кешенді бағалауға мүмкіндік беріп, болашақ зерттеулер үшін берік әдіснамалық және библиографиялық негіз қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Осман Гази Өзгүденли, «Түркияда Моғол тарихы мен мәдениеті зерттеулерінің қалыптасуы және дамуы (1923–2017)», Түрік-Моғол тарихы, ред. Күршат Йылдырым, Йедитепе баспасы, Ыстанбул-2018.- 169–248-бб.
2. Ганбат Лхүндэв, «Түркияда Моғол империясы тарихы бойынша зерттеулер», Түрік-Моғол тарихы, ред. Күршат Йылдырым, Йедитепе баспасы, Ыстанбул, 2018, 249–266-бб.
3. Күршат Йылдырым, «Түркияда Моғол тарихы бойынша жүргізілген зерттеулерге шолу», Тарих журналы, № 81, 2023, 529–534-бб.
4. Алтай Тайфун Өзжан, «Түркияда Моңғол тарихы зерттеулерінің дамуы (Шыңғыс хан және оның мұрагерлері кезеңіндегі Ұлы хандық пен Алтын Орда ханлығы)», Тарих журналы, № 81, 2023, 597–666-бб.
5. Абрахам Константин Мураджа Д’Оссон, Моғол тарихы, ауд. Экрем Қалан, IQ Мәдениет және өнер баспасы, Ыстанбул, 2014.
6. Абрахам Константин Мураджа Д’Оссон, Шыңғыс ханнан Темірге дейінгі Моғол тарихы, ауд. Мұрат Узраш, Дорлион баспасы, Анкара, 2023.
7. Рыза Нур, Түрік тарихы, I–II томдар, құраст. Й. Токер, Х. Тунджай, Токер баспасы, Ыстанбул, 1994.
8. Василий Владимирович Бартольд, «Шағатай», Ислам энциклопедиясы, III том, Ұлттық білім беру министрлігі баспасы, Ыстанбул, 1979, 266–270-бб.
9. Заки Велиди Тоган, Жалпы түрік тарихына кіріспе, Эндерун кітап үйі, Ыстанбул, 1981.
10. Рене Груссе, Дала империясы, ауд. М. Решат Узмен, Өтүкен баспасы, Ыстанбул, 2006.
11. Василий Владимирович Бартольд, Моңғол шапқыншылығына дейінгі Түркістан, Керван баспасы, Ыстанбул, 1981.
12. Надир Девлет, «Шағатай мемлекеті», Ежелден бүгінге дейінгі Ұлы Ислам тарихы, IX том, Чаг баспасы, Ыстанбул, 1986, 301–310-бб.
13. Мұстафа Кафалы, «Барақ хан», Түркия Діни қоры Ислам энциклопедиясы, VIII том, Түркия Діни қоры баспасы, Ыстанбул, 1992, 63–64-бб.
14. Абдулқадыр Ювалы, «Шағатай ханлығы», Түркия Діни қоры Ислам энциклопедиясы, V том, Түркия Діни қоры баспасы, Ыстанбул, 1993, 177–178-бб.
15. Абдулқадыр Ювалы, «Шағатай хан», Түркия Діни қоры Ислам энциклопедиясы, VIII том, Түркия Діни қоры баспасы, Ыстанбул, 1993, 176–177-бб.
16. Неслихан Дурак, Үндістанға солтүстіктен жасалған жорықтар, Асам баспасы, Анкара, 2000.
17. Жан-Поль Ру, Моңғол империясының тарихы, ауд. Айкут Казанджил, Айше Берекет, Кабалджы баспасы, Ыстанбул, 2001.
18. Мұстафа Кафалы, «Шағатай ханлығы», Түріктер, VIII том, Жаңа Түркия баспасы, Анкара, 2002, 345–354-бб.
19. Сабри Хизметли, «Шағатай мемлекеті», Түріктер, VIII том, Жаңа Түркия баспасы, Анкара, 2002, 355–358-бб.
20. Мұстафа Кафалы, Шағатай ханлығы (1227–1345), Берикан баспасы, Анкара, 2005.
21. Омер Субашы, «Хорасандағы саяси өмір және Шехзаде Йесәвур көтерілісі (1317–1320)», MANAS Әлеуметтік зерттеулер журналы, 5-том, № 1, 2016, 278–303-бб.
22. Хайрунниса Алан, «Шағатай ханлығы», Еуразияның сегіз ғасыры: Шыңғыс ұрпақтары, құраст. Х. Алан, И. Кемалоглу, Өтүкен баспасы, Ыстанбул, 2016, 68–97-бб.

23. Айкут Өзбайрактар, «Махмуд Тараби көтерілісі (1238)», *Түрік мәдениеті және Қажы Бекташ Вели зерттеулер журналы*, № 84, 2017, 211–227-бб.
24. Бетүл Сүмейра Тахталы, Кемал Өзжан, «Шағатай ханлығында мұсылман және түрік мемлекет қайраткерлері», *Адам және қоғам ғылымдары зерттеулер журналы*, 7-том, № 5, 2018, 178–189-бб.
25. Самет Дурмаз, «Шағатай ханы Барақ пен Илхан Әбака арасындағы күрестер», *Жалпы түрік тарихы зерттеулері журналы*, 1-том, № 2, 2019, 209–220-бб.
26. Орхан Чынар, «Моңғол әлеміндегі Түркістанның ықпалды әйелдері: Төрегене хатун және Орғана хатун», *International Social Sciences Studies Journal*, 5-том, № 40, 2019, 3924–3927-бб.
27. Орхан Чынар, «Моңғол империясындағы Арық Бұқа–Құбылай күресі: Шағатайлықтардың алғашқы тәуелсіздік талпыныстары», *International Social Sciences Studies Journal*, 5-том, № 39, 2019, 3791–3795-бб.
28. Қурбан Дурмушоғлу, «Әбака хан дәуіріндегі (1265–1282) Илханлылардың сыртқы саясаты (Алтын Орда, Шағатай және Мәмлүк мысалында)», *Journal of Turkish Research Institute*, № 65, 2019, 221–244-бб.
29. Омер Субашы, «Моңғол некүдерілерінің шығу тегі мен қызметтері», *Беллетен*, 83-том, № 298, 2019, 853–886-бб.
30. Юнус Емре Тансу, Баран Гүвенч, «Шағатай хан Тармаширин дәуіріне қысқаша шолу», *International Social Sciences Studies Journal*, 5-том, № 49, 2019, 6169–6173-бб.
31. Василий Владимирович Бартольд, *Моңғол шапқынышылығы дәуіріндегі Түркістан*, ауд. Сениха Сами Моралы, *Түрік тарих институты баспасы*, Анкара, 2020.
32. Четин Кая, «Сөнід тайпасынан шыққан нояндардан Шағатай (Сөнітеу)», *Әлеуметтік ғылымдар зерттеулері журналы*, 15-том, № 2, 2020, 374–379-бб.
33. Орхан Чынар, «Шығыс Шағатай ханлығының алғашқы билеушісі: Тұғлық Темір хан және оның дәуірі туралы зерттеу», *Asos Journal*, 8-том, № 106, 2020, 201–208-бб.
34. Орхан Чынар, «Түркістан тарихында мұсылман моңғол билеушісі: Тармаширин хан және оның дәуірін бағалау», *International Social Mentality and Researcher Thinkers Journal*, 6-том, № 32, 2020, 902–906-бб.
35. Четин Кая, «Ұлы Моңғол ұлтының хандық ауысу процесі және саяси әсерлері», *Еуразия халықаралық зерттеулер журналы*, 9-том, № 27, 2021, 37–54-бб.
36. Четин Кая, «Ұлы Моңғол ұлтының алғашқы ұлы хан тағайындалуы жөніндегі зерттеу», *Селчук университеті Селчук зерттеулері журналы*, № 14, 2021, 23–34-бб.
37. Омер Субашы, *Моңғолдарда әйел, некелер және сыртқы саясат*, Селенге баспасы, Ыстанбул, 2021.
38. Курбан Дурмушоғлу, «Хорасанның әкімшілік бюрократиясында Илхан шехзаделері және мемлекет қайраткерлері (1256–1335)», *Ортағасыр зерттеулері журналы*, 4-том, № 1, 2021, 81–94-бб.
39. Иса Ерйылмаз, «Шағатай ханлығы дәуірінде моңғолдар арасында ислам», *Халықаралық тарих зерттеулері журналы*, 5-том, № 1, 2021, 71–84-бб.
40. Билен Йылмаз, «Моңғол хандарының еске алынуы және олардың тарихының баяндалуы», *Ортағасыр зерттеулері журналы*, 4-том, № 2, 2021, 293–296-бб.
41. Тимоти Мэй, *Моңғол империясы*, ауд. Үлке Эврим Уйсал, *Кроник кітап*, Ыстанбул, 2021.
42. Орхан Чынар, «Батыс Түркістанда ұлт әмірлерінің билік үшін күрестері (1343–1370)», *Journal of Social, Humanities and Administrative Sciences*, 8-том, № 56, 2022, 1259–1263-бб.
43. Омер Гёк, Ёзгүр Түркер, «Шағатай ханлығының ыдырауынан кейін Тұғлық Темір ханның орталықтандыру саясаты және Әмір Камеруддин көтерілісі», *Түрік тарихы зерттеулері журналы*, 7-том, № 1, 2022, 112–128-бб.
44. Орхан Чынар, «Ибн Баттута эт-Танжси саяхатнамасында Мавераннахир және Мавераннахир сұлтандары», *International Journal of Arts and Social Studies*, 5-том, № 9, 2022, 166–173-бб.

45. Раккуш Қарадуман, «Нәсіб-наме-и Мүлүк (Шуаб-и Пенджгане) және Мүзү'л-Әнсаб атты еңбектерге сәйкес Өгедей хан мен Шағатай ханның хатундары», *Жалпы түрік тарихы зерттеулері журналы*, 4-том, № 8, 2022, 565–576-бб.
46. Билен Йылмаз, «Моңғолдар дәуірінде бір түрік ислам қаласы: Алмалық», *Әлеуметтік ғылымдардағы қазіргі талқылаулар 11*, ред. З. Караджагыл, Билгин мәдениет және өнер баспасы, Анкара, 2022, 1231–1238-бб.
47. Ахмет Селчукоглу, «Мистикалық және идеологиялық сөз байламы тұрғысынан Баба Ишақ пен Махмуд Тараби көтерілістерінің ортақ негізі», *Түрік мәдениеті және Қажы Бекташ Вели зерттеулер журналы*, № 103, 2022, 227–243-бб.
48. Майкл Брайан, «Шыңғыс ханның шапқыншылығынан Темірдің көтерілуіне дейінгі Орта Азиядағы моңғолдар: Өгедей және Шағатай әулеттерінің басқарулары», ауд. Алтай Тайфун Өзжан, *Орталық Азия тарихы: Шыңғыс дәуірі, Кроник кітап, Ыстанбул*, 2022, 100–132-бб.
49. Четин Кая, *Шағатай ханлығы – Ұлы Моңғол қағандығы арасындағы саяси қатынастар (Басталудан 1320 жылға дейін)*, Пост баспасы, Ыстанбул, 2023.
50. Нуреддин Избасар, «Ойраттардың Шығыс Шағатай ханлығы мен Яркент ханлығымен қатынастары», *History Studies*, 15-том, № 1, 2023, 19–40-бб.
51. Қазым Узун, «Мәмлүк–Шағатайлық қатынастарға қатысты кейбір тұжырымдар және бағалаулар», *Түрік әлемі зерттеулері журналы*, 23-том, № 1, 2023, 41–57-бб.
52. Мұстафа Калкан, «Ұлы Моңғол және Шағатай тиындарының типологиялық ерекшеліктері», *Қаратеңіз халықаралық ғылыми журналы*, № 62, 2024, 67–95-бб.
53. Фатих Орта, «Шағатай ханлығында салық», *Anasay*, № 28, 2024, 1–10-бб.
54. Шүкрү Өздемир, «Шағатай ханға қатысты», *Еуразия халықаралық зерттеулер журналы*, 12-том, № 38, 2024, 431–450-бб.
55. Орхан Чынар, *Шағатай ханлығы (саяси және әскери тарихы)*, Билгеогуз баспасы, Ыстанбул, 2025.
56. Фатих Орта, «Шағатай ханлығы (1227–1370) дәуірінде Кебек хан (1319–1326) және оның әрекеттері», *Академиялық тарих және ой зерттеулері журналы*, 12-том, № 3, 2025, 574–585-бб.
57. Фатих Орта, «Шағатай ханлығының әлеуметтік және мәдени құрылымы туралы», *Оғыз-Түрікмен зерттеулері журналы*

References:

1. Osman Gazi Ozgudenli, “Turkiye’de Mogol Tarihi ve Kulturu Arastirmalarinin Dogusu ve Gelisimi (1923-2017)”, *Turk Mogol Tarihi*, Ed. Kursat Yildirim, Yeditepe Yayinlari, Istanbul 2018, s. 169-248.
2. Ganbat Lkhundev, “Turkiye’de Mogol Imparatorlugu Tarihi Uzerine Arastirmalar”, *Turk Mogol Tarihi*, Ed. Kursat Yildirim, Yeditepe Yayinlari, Istanbul 2018, s. 249-266.
3. Kursat Yildirim, “Turkiye’de Mogol Tarihi Uzerine Yapilan Calismalara Dair Bir Degerlendirme”, *Tarih Dergisi*, S. 81, 2023, s. 529-534.
4. Altay Tayfun Ozcan, “Turkiye’de Mogol Tarihi Calismalarinin Gelisimi (Cengiz Han ve Ardillari Zamaninda Buyuk Hanlik ile Altin Orda Hanligi)”, *Tarih Dergisi*, S. 81, 2023, s. 597-666.
5. Abraham Constantin Mouradgea D’ohsson, *Mogol Tarihi*, Tr. Ekrem Kalan, IQ Kultur Sanat Yayinlari, Istanbul 2014.
6. Abraham Constantin Mouradgea D’ohsson, *Cengiz Han’dan Timur’a Mogol Tarihi*, Tr. Murat Ugras, Dorlion Yayinlari, Ankara 2023.
7. Riza Nur, *Turk Tarihi*, C. I-II, Haz. Y. Toker, H. Tuncay, Toker Yayinlari, Istanbul 1994.
8. Vasiliy Viladimirovic Barthold, “Cagatay”, *Milli Egitim Bakanligi Islam Ansiklopedisi*, C.III, Milli Egitim Basimevi, Istanbul 1979, s. 266-270.
9. Zeki Velidi Togan, *Umumi Turk Tarihine Giris*, Enderun Kitabevi, Istanbul 1981.
10. Rene Grousset, *Bozkir Imparatorlugu*, Cev. M. Resat Uzmen, Otuken Yayinlari, Istanbul 2006.
11. Vasiliy Viladimirovic Barthold, *Mogol Istilasina Kadar Turkistan*, Kervan Yayinlari, Istanbul 1981.
12. Nadir Devlet, “Cagatay Devleti”, *Dogustan Gunumuze Buyuk Islam Tarihi*, C. IX, Cag Yayinlari, Istanbul 1986, s. 301-310.

13. Mustafa Kafali, "Barak Han", *Turkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi*, C. VIII, *Turkiye Diyanet Vakfı Yayınları*, İstanbul 1992, s. 63-64.
14. Abdulkadir Yuvalı, "Cagatay Hanlığı", *Turkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi*, C. V, *Turkiye Diyanet Vakfı Yayınları*, İstanbul 1993, s. 177-178.
15. Abdulkadir Yuvalı, "Cagatay Han", *Turkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi*, C. VIII, *Turkiye Diyanet Vakfı Yayınları*, İstanbul 1993, s. 176-177.
16. Neslihan Durak, *Hindistan'a Kuzeyden Yapılan Akinlar*, Asam Yayınları, Ankara 2000.
17. Jean Paul Roux, *Mogol İmparatorluğu Tarihi*, Trc. Aykut Kazancıgil-Ayşe Bereket, *Kabalcı Yayınları*, İstanbul 2001.
18. Mustafa Kafali, "Cagatay Hanlığı", *Türkler*, C. VIII, *Yeni Türkiye Yayınları*, Ankara 2002, s. 345-354.
19. Sabri Hizmetli, "Cagatay Devleti", *Türkler*, C. VIII, *Yeni Türkiye Yayınları*, Ankara 2002, s. 355-358.
20. Mustafa Kafali, *Cagatay Hanlığı (1227-1345)*, Berikan Yayınevi, Ankara 2005.
21. Omer Subaşı, "Horasan'da Siyasi Hayat ve Sehzade Yesavur İsyanı (1317-1320)", *MANAS Sosyal Araştırmalar Dergisi*, C. 5, S. 1, 2016, s. 278-303.
22. Hayrunnisa Alan, "Cagatay Hanlığı", *Avrasya'nın Sekiz Asri Cengizogulları*, Haz. H. Alan - I. Kemaloglu, *Otuken Nesriyat*, İstanbul 2016, s. 68-97.
23. Aykut Özbayraktar, "Mahmud Tarabi İsyanı 1238", *Türk Kültürü ve Hacı Bektas Veli Araştırma Dergisi*, S. 84, 2017, s. 211-227.
24. Betül Sumeyra Tahtalı - Kemal Özcan, "Cagatay Hanlığı'nda Müslüman ve Türk Devlet Adamları", *İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi*, C. 7, S. 5, 2018, s. 178-189.
25. Samet Durmaz, "Cagatay Hani Barak ile İlhan Abaka Arasındaki Mücadeleler", *Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi*, C. 1, S. 2, 2019, s. 209-20.
26. Orhan Cinar, "Mogol Dünyasında Türkistan'ın Güçlü Kadınları: Toregene Hatun ve Organa Hatun", *International Social Sciences Studies Journal*, C. 5, S. 40, 2019, s. 3924-3927.
27. Orhan Cinar, "Mogol İmparatorluğunda Yaşanan Arik Buka-Kubilay Mücadelesi: Cagataylıların İlk Bağımsızlık Tesebbüsleri", *International Social Sciences Studies Journal*, C. 5, S. 39, 2019, s. 3791-3795.
28. Kurban Durmusoglu, "Abaka Han Donemi (1265-1282) İlhanlılar'da Dis Siyaset (Altın Orda, Cagatay ve Memluk Orneği)", *Journal of Turkish Research Institute*, S. 65, 2019, s. 221-244.
29. Omer Subaşı, "Mogol Nekuderilerin Kökeni ve Faaliyetleri", *Belleten*, C. 83, S. 298, 2019, s. 853-886.
30. Yunus Emre Tansu - Baran Guvenc, "A Brief Overview Of The Era Of The Chagatai Khan Tarmashirin", *International Social Sciences Studies Journal*, C. 5, S. 49, 2019, s. 6169-6173.
31. Vasiliy Viladimirovic Barthold, *Mogol İstilası Devrinde Türkistan*, Cev. Seniha Sami Morali, *Türk Tarih Kurumu Yayınları*, Ankara 2020.
32. Cetin Kaya, "Sonid Boyu Noyanlarından Cagatay (Sonitey)", *Sosyal Bilimler Araştırmaları Dergisi*, C. 15, S. 2, 2020, s. 374-79.
33. Orhan Cinar, "Doğu Cagatay Hanlığı'nın İlk Hükümdarı: Tuğluk Timur Han ve Donemi Hakkında Bir İnceleme", *Asos Journal*, C. 8, S. 106, 2020, s. 201-208.
34. Orhan Cinar, "Türkistan Tarihinde Müslüman Mogol Hükümdar: Tarmasirin Han ve Doneminin Değerlendirilmesi", *International Social Mentality and Researcher Thinkers Journal*, C. 6, S. 32, 2020, s. 902-906.
35. Cetin Kaya, "Büyük Mogol Ulusunda Hanedan Değişim Süreci ve Siyasi Etkileri", *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*, C. 9, S. 27, 2021, s. 37-54.
36. Cetin Kaya, "Büyük Mogol Ulusunda İlk Veliht Tayini Hususuna Dair Bir İnceleme", *Selçuk Üniversitesi Selçuklu Araştırmaları Dergisi*, S. 14, 2021, s. 23-34.
37. Omer Subaşı, *Mogollarda Kadın, Evlilik ve Dis Siyaset*, Selenge Yayınları, İstanbul 2021.
38. Kurban Durmusoglu, "Horasan'ın İdari Bürokrasisinde İlhanlı Sehzadeleri ve Devlet Adamları (1256-1335)", *Ortaçağ Araştırmaları Dergisi*, C. 4, S. 1, 2021, s. 81-94.
39. İsa Eryılmaz, "Cagatay Hanlığı Doneminde Mogollar Arasında İslamiyet", *Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi*, C. 5, S. 1, 2021, s. 71-84.
40. Bilen Yılmaz, "Mogol Hanlarının Anılması ve Tarihlerinin Anlatılması", *Ortaçağ Araştırmaları Dergisi*, C. 4, S. 2, 2021, s. 293-296.

41. Timothy May, *Mogol İmparatorluğu*, Cev. Ulke Evrim Uysal, *Kronik Kitap*, İstanbul 2021.
42. Orhan Cinar, “Bati Turkistan’da Ulus Emirlerinin İktidar Mücadeleleri (1343-1370)”, *Journal of Social, Humanities and Administrative Sciences*, C. 8, S. 56, 2022, s. 1259-1263.
43. Omer Gok - Ozgur Turker, “Cagatay Hanligi’nin Dagilmasi Sonrasi Tugluk Timur Han’in Merkezilesme Politikasi ve Emir Kameruddin Isyani”, *Turk Tarihi Arastirmalari Dergisi*, C. 7, S. 1, 2022, s. 112-128.
44. Orhan Cinar, “İbn Battuta et-Tanci’nin Seyahatnamesinde Maverayunnehir ve Maverayunnehir Sultanlari”, *International Journal of Arts and Social Studies*, C. 5, S. 9, 2022, s. 166-173.
45. Rakkus Karaduman, “Neseb-Name-i Muluk (Suab-i Pencgane) ve Muizu’l-Ensab Adli Eserlere Gore Ogedey Han ve Cagatay Han’in Hatunlari”, *Genel Turk Tarihi Arastirmalari Dergisi*, C. 4, S. 8, 2022, s. 565-576.
46. Bilen Yilmaz, “Mogollar Caginda Bir Turk Islam Sehri: Almalik”, *Sosyal Bilimlerde Guncel Tartismalar 11*, Ed. Z. Karacagil, *Bilgin Kultur Sanat Yayinlari*, Ankara 2022, s. 1231-1238.
47. Ahmet Selcukoglu, “Mistik ve Ideolojik Soylem Baglaminda Baba Ishak ve Mahmud Tarabi Isyanlarinin Musterek Zemini”, *Turk Kulturu ve Haci Bektas Veli Arastirma Dergisi*, S. 103, 2022, s. 227-243.
48. Michal Brian, “Cengiz Han’in Istilasindan Timur’un Yukselisine Orta Asya’da Mogollar: Ogedey ve Cagatay Soyunun Idareleri”, Cev. Altay Tayfun Ozcan, *İc Asya Tarihi Cengiziler Cagi*, *Kronik Kitap*, İstanbul 2022, s. 100-132.
49. Cetin Kaya, *Cagatay Hanligi – Buyuk Mogol Kaganligi Arasindaki Siyasi Iliskiler (Baslangictan 1320 Yilina Kadar)*, *Post Yayinlari*, İstanbul 2023.
50. Nureddin Izbasar, “Oyratlarin Dogu Cagatay Hanligi ve Yarkent Hanligiyla Iliskileri”, *History Studies*, C. 15, S. 1, 2023, s. 19-40.
51. Kazim Uzun, “Memluk–Cagatayli Iliskilerine Dair Bazi Tespit ve Degerlendirmeler”, *Turk Dunyasi Incelemeleri Dergisi*, C. 23, S. 1, 2023, s. 41-57.
52. Mustafa Kalkan, “Buyuk Mogol ve Cagatay Sikkelerinin Tipolojik Ozellikleri”, *Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi*, S. 62, 2024, s. 67-95.
53. Fatih Orta, “Cagatay Hanligi’nda Vergi”, *Anasay*, S. 28, 2024, s. 1-10.
54. Sukru Ozdemir, “Cagatay Han’a Dair”, *Avrasya Uluslararası Arastirmalar Dergisi*, C. 12, S. 38, 2024, s. 431-450.
55. Orhan Cinar, *Cagatay Hanligi (Siyasi ve Askeri Tarihi)*, *Bilgeoguz Yayinlari*, İstanbul 2025.
56. Fatih Orta, “Cagatay Hanligi (1227-1370)’nda Kebek Han (1319-1326) ve Faaliyetleri”, *Akademik Tarih ve Dusunce Dergisi*, C. 12, S. 3, 2025, s. 574-585.
57. Fatih Orta, “Cagatay Hanligi’nin Sosyal ve Kulturel Yapisi Uzerine”, *Oguz-Turkmen Arastirmalari Dergisi*, C. 9, S. 1, 2025, s. 56-80.